

## Кеден брокері туралы ережені бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 14 сәуірдегі N 556 қаулысы.  
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" және "Лицензиялау туралы"  
Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының  
Үкіметі қаулы етеді:

**Ескерту. Кіріспе өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.12.29. N 2013**  
қаулысымен .

1. Қоса беріліп отырған Кеден брокері туралы ереже бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі брокерлік қызметті жүзеге асыруға арналған лицензияны кеден заңдарының нормаларына сәйкес берсін. <\*>

**Ескерту. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.04.14. N 357** қаулысымен .

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1997 жылғы 14 сәуірдегі  
N 556 қаулысымен  
бекітілген

## Кеден брокері туралы ЕРЕЖЕ

**Ескерту. Мәтіндегі сөздер алмастырылды - ҚР Үкіметінің 2003.04.14. N 357**  
қаулысымен .

1. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құрылған және Қазақстан Республикасында тұрғылықты орны бар, Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігінің (бұдан әрі - Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі) кеден брокері ретінде қызметті жүзеге асыру құқығына арналған лицензиясын алған және өзінің штатында Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігінің біліктілік аттестатын алған кедендік ресімдеу жөніндегі маманы бар заңды тұлға кеден брокері бола алады.

**Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.12.29. N 2013**  
қаулысымен .

2. Кеден брокері өз қызметін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырады.

3. Кеден брокерінің қызметі тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу бойынша операцияларды өз атынан жасау және өзі білдіретін тұлғаның есебінен және тапсыруы бойынша кеден ісі саласында басқа да делдалдық қызметтерді орындау болып табылады.

Кеден брокерінің міндетіне:  
тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау;  
Қазақстан Республикасының кеден органына кеден мақсаттарына қажетті құжаттар мен қосымша мәліметтерді ұсыну;  
декларацияланатын тауарлар мен көлік құралдарын кеден органдарына ұсыну ;

декларацияланатын тауарлар мен көлік құралдарға қатысты Қазақстан Республикасының кеден заңдарында көзделген кеден төлемдері мен салықтарын төлеу ;

декларацияланатын тауарлар мен көлік құралдарына қатысты өкілеттікке ие тұлға ретінде кедендік ресімдеу мен кедендік бақылау үшін қажетті әрекеттерді жасау кіреді .

**Ескерту. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.12.29. N 2013 қаулысымен .**

4. Алдын ала операциялар кезінде кеден брокері мынадай әрекеттерді:  
Қазақстан Республикасының кеден органын Қазақстан Республикасы кеден аумағынан тауарлар мен көлік құралдарын әкетуге ниеттеніп отырғаны туралы хабардар етуді ;

алдын ала операцияларды жүргізген кезде кеден мақсаттарына керекті құжаттардың жобаларын жасауды;

тауарлар мен көлік құралдарын уақытша сақтау қоймаларына орналастыруды жүзеге асыра алады .

5. Кеден брокері өзінің міндеттерін жүзеге асыру кезінде:  
Қазақстан Республикасы кеден органының талабы бойынша өзі білдіретін тұлғаның есебінен кедендік ресімдеуге жататын тауарларды тасымалдау, өлшеу немесе санын өзгеше анықтауды, тиеуді, түсіруді, қайта тиеуді, бүлінген орамасын түзеуді, орамасын ашуды, орауды немесе тауарлар мен көлік құралдарын қайта орауды, сондай-ақ осындай тауарлар мен көлік құралдары қойыла алынатын үй-жайларды, сыйымдылықтарды және басқа да жерлерді ашуды жүзеге асыруға ;

Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының кеден брокерінің декларациялайтын тауарлар мен көлік құралдарына қатысты жүргізетін мал дәрігерлік, фитосанитарлық және мемлекеттік бақылауының басқа да түрлерін

жүзеге асыруды қамтамасыз етуге;

Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі белгілейтін тәртіпте тауарлар мен көлік құралдарына қатысты есеп пен есеп беруді жүргізуге;

кеден брокері пайдаланатын ақпараттары мен бағдарламалық өнімдерін автоматты өңдеу құралдарының Қазақстан Республикасының кеден органдары пайдаланылатын ақпараттары мен бағдарламалық өнімдерді автоматты өңдеу құралдарымен үйлесуін қамтамасыз етуге;

Қазақстан Республикасының кеден органдарына анықталынған кез келген өзгерістер, кедендік теңдестіру құралдарының өзгеруі, құруы, бүлінуі немесе жойылуы, ыдыстар мен орамалардың бүлінуі, тауарлардың көлік, коммерциялық және құжаттардағы олар туралы мәліметтерге сәйкес келмеуі, түрлі құжаттардағы тауарлар жөніндегі мәліметтердің сәйкес келмеуі және кеден ісіне қатысты бар осыған ұқсас жағдаяттар туралы дереу хабарлауға;

өзі білдіретін тұлғаларға Қазақстан Республикасы кеден заңдарының талаптарын түсіндіруге;

Қазақстан Республикасының кеден органдарына кеден брокерінің штатында тұрған кедендік ресімдеу жөніндегі мамандар туралы мәліметтерді, сондай-ақ осындай мамандардың қолдарының үлгілерін ұсынуға міндетті.

6. Кеден брокері өз қызметінің аясын Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасына сәйкес тауарлардың белгілі бір санаттарымен және көліктің түрлерімен дербес айқындай немесе шектей алады.

7. Кеден брокері "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының заңында көзделген декларанттың барлық міндеттерін орындайды және толық көлемде жауапкершілікте болады.

8. Кедендік ресімдеу кезінде кеден брокерінің міндеттері тауарлар мен көлік құралдарын белгілі бір кеден режимімен орналастыруды жүргізу рәсімінің талаптарынан туындайды. Мұндай операцияларды жасау фактісі кеден брокеріне кеден режимінің қолданылуын аяқтаумен байланысты операцияларды жасау бойынша міндеттерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес тек қана тауарлар мен көлік құралдарын өткізетін тұлғаға не өзге тұлғаға егер "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында басқаша белгіленбеген болса жүктелінуі мүмкін өзге де міндеттерді жүктемейді.

**Ескерту. 8-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.12.29. N 2013 қаулысымен .**

9. Өз қызметін жүзеге асыру кезінде кеден брокері:

Қазақстан Республикасының кеден заңдарында көзделген тәртіпте тауарларды кедендік ресімдеу мақсатында Қазақстан Республикасының кеден органдары лауазымды адамдарының тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу кезінде, тауарлардың сынамалары мен үлгілерін алу кезінде қатысып

о т ы р у ғ а ;

кеден бақылауымен тауарлар мен көлік құралдарын тексеріп қарауды, оларды өлшеуді және санын өзгеше анықтауды жүргізуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасы кеден органының рұқсатымен тауарлардың сынамалары мен үлгілерін алуға құқылы. Егер аталған операциялар кедендік ресімдеу басталғанға дейін жасалатын болса, Қазақстан Республикасының аумағынан әкетілетін тауарларға қатысты мұндай рұқсат талап етілмейді;

кеден органдары жүргізген алынған тауарлардың сынамалары мен үлгілерін зерттеудің (сараптаманың) нәтижелерімен танысуға;

алынған тауарлардың сынамалары мен үлгілерін зерттеуді (сараптаманы) жүргізуге не өз қаражаты есебінен немесе өзі білдіретін тұлғаның есебінен Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес осындай зерттеуді (сараптаманы) жүргізуді қамтамасыз етуге;

Кеден органдарының рұқсатымен Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі белгілеген тәртіпте осы органдардың құзыретіне жататын бақылау-қадағалау функцияларын қоспағанда жекелеген әрекеттерді (теңдестіру құралдарын өзгерту, жою немесе құрту және басқаларды) орындауға;

Қазақстан Республикасы кеден органының келісімімен кедендік бақылау аймақтарына кіруге құқықтары бар өз қызметкерлерінің тізімін бекітуге және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес аталған аймақтарда кедендік ресімдеу операцияларын жасау үшін қажетті қызметтік үй-жайларының болуына;

Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының кеден органдарынан кеден мәселелері бойынша ақпарат пен консултациялар алуға;

Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі белгілейтін тәртіппен Қазақстан Республикасы кеден органдарының ақпаратты автоматтық өңдеу, кедендік мақсаттар үшін қажетті деректерді электронды жолмен беру үшін пайдаланатын ақпараттық желілеріне енуге;

Қазақстан Республикасы кеден органдары мен олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеті мен әрекетсіздігіне белгіленген тәртіппен шағымдануға құқылы.

**Ескерту. 9-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.12.29. N 2013 қаулысымен .**

10. Кеден брокерінің өзі білдіретін тұлғамен өзара қарым-қатынасы заңмен белгіленген тәртіпте жасалатын шарт негізінде құрылады.

11. Кеден брокері мен өзі білетін тұлғаның арасында "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының заңының 200-бабында аталған әрекеттер жүргізілгеннен кейін жасалған шартты өзгерту немесе бұзу кеден брокерін кеден ережелерін бұзғаны үшін жауапкершіліктен

б о с а т п а й д ы .

**Ескерту. 11-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.12.29. N 2013 қаулысымен .**

12. Кеден брокері мен өзі білдіретін тұлғаның арасындағы даулар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шешіледі.

13. Кеден органдарының алдындағы кеден брокерінің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі өзі білдіретін тұлғамен жасалынған шартпен шектелуі мүмкін емес .

14. Кедендік ресімдеу кезінде Қазақстан Республикасы кеден органдарының алатын кеден төлемдерін және салықтарын төлемегені үшін, бұл олардың арасындағы шартпен көзделінген жағдайда, кеден брокері тауарлар мен көлік құралдарын өткізетін тұлғамен бірге жауапкершілікте болады.

**Ескерту. 14-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.12.29. N 2013 қаулысымен .**

15. Кеден брокері ретіндегі қызметті доғарудың тәртібі Қазақстан Республикасының кеден заңдарымен айқындалады.